



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Дауылпаз ақын - Қасым Аманжолов

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2021

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

**Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді
автоматтандыру бөлімі**

Дауылпаз ақын - Қасым Аманжолов

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2021

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
А 38

Дауылпаз ақын Қ. Аманжоловтың 110 жылдық мерейтойына арналған библиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2021. – 24 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Уақыт сынында сынбаған, қайта жыл өткен сайын өмірлі өлеңдері жаңа бір қырынан көрінген үлкен жүректі ақындарымыздың бірі Қасым Рақымжанұлы Аманжоловтың туғанына биыл 110 жыл.

Қасым Рақымжанұлы Аманжоловтың өмірі мен туындылары және шығармашылығы жайлы мәліметтерді жинап библиографиялық көрсеткіште әдебиеттер тізімі ұсынылды.

Көрсеткіште Қ.Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы материалдар енгізілді. Мұнда ақын шығармасын зерттеуге арналған еңбектер және қазақ әдебиетін зерттеуге арналған еңбектер мен ғылыми-зерттеу мақалалар және ақынның өмірі мен шығармашылығы жайындағы жалпы әдебиеттер, естеліктер мен көркем туындылардың әдебиеттер тізімі берілген.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

*Ей, тәкаппар дүние! Маған да бір қарашы!
Танисың ба, сен мені? Мен – Қазақтың баласы!
Қасым Аманжолов*

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Биыл қазақтың хас ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толып отыр. Ол 1911 жылы 10 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Қарқаралы ауданындағы Қызыларай қыстауында дүниеге келген. Әке-шешеден жастай жетім қалып, біраз жыл ағасының қолында өседі. Ес білген соң туған ауылында жаңадан ашылған ауыл мектебінде оқып, сауатын ашады. 1924 жылы Семей қаласындағы интернатта білімін жалғастырады. Қасым онда 1927 жылға дейін тәрбиеленіп, одан әрі үш жыл Семей мал дәрігерлік техникумында оқиды. Алғашқы өлеңдерін де осы кезде жаза бастаған. 1930 жылы Алматыға келіп, біраз уақыт «Лениншіл жас» газетінде істейді. 1931 жылы Ленинградтағы орман шаруашылығы институтына түсіп оқиды. Бірақ, денсаулығына байланысты және түскен оқуын да онша ұната қоймағандықтан, бірер жылдан кейін елге оралып, Орал қаласында «Екпінді құрылыс» газетіне қызметке орналасады. Осында жүріп, 1933 жылы Отан алдындағы борышын өтеп, әскерге барып қайтады.

Қасымның арынды ақын ретінде қалыптасуына Орал қаласының тигізген әсері ұшан-теңіз. Осы өңірде жүріп ол ең алғашқы алаулаған махаббат туралы, жалынды

жастық жайындағы жырларын дүниеге әкелді. 1935 жылы Оралдың театр труппасын ұйымдастырып, оның жұмысын іскерлігінің, шығармашылық әлеуетінің арқасында дөңгелетіп әкетті. Бұл труппа тез өсіп, аз уақыт ішінде театр болып құрылды. Осы кездері ақынның әншілік, артистік қырлары кеңінен танылған болатын.

Ал 1936-1941 жылдары Қасым Аманжолов Алатау баурайындағы ару қала Алматыға барып, сол кездегі бас басылымдар болып саналған «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, Жазушылар Одағында қызмет атқарады. Осында жүріп, яғни 1938 жылы тұңғыш өлеңдер жинағын «Өмір сыры» деген атпен жарыққа шығарады.

Ол жас кезінен осылайша ел көзіне түсіп, аға буын өкілдерінің, қатарлас қаламгерлердің ыстық ықыласына бөленеді. Ол туралы Сырбай Мәуленов: «Ақын жасы жылдармен өлшенбейді, елге берген еңбегімен есептеледі. Жас Қасым бүгінде ортаға шығып, өзінің оптимистік пафосқа толы өлмес өлеңін оқып тұр:

Өлуші ме еді ер шіркін!

Сілкінді ол бір дүркін.

Келе жатыр аралап,

Өзі туған ел-жұртын...

Иә, Қасым ел-жұртын аралап келе жатыр... Оның өлеңдері жылдар қанатымен бірге самғап, келешек күндердің кеңістігіне көтеріледі», - деп әділ бағасын беріп кеткен еді.

Ақынның:

Нар тәуекел! Құлаш ұрдым қиынға,

Қайрат шіркін алып шықса, қиын ба!..

Жығылам деп жүре алмаймын жай басып,

Жүгіремін киіп-жарып, айқасып.
Мүлги берсін, ілби берсін қорқақтар,
Іш пыстырып, жалт-жұлт қарап, жай басып
Жығылсам да, жүгірумен өтемін,
Аяңшылдың ақылын мен не етемін.
Жығылармын, алқынармын, шаршармын,
Барар жерге бұрынырақ жетермін, –

деген өлең жолдарынан оның қаншалықты күш-қуатқа толы, алдына қойған мақсаты орасан зор адам екенін көруге болады. Ол өз шығармашылығымен ғана шектеліп қалмай, Махамбет, Абай поэзиясының көркемдік табиғатына терең бойлай отырып, дүниежүзілік поэзияның үздік, асыл үлгілерінен үлкен алымдылық, шалымдылықпен үйренді. Қасым 30-жылдардың өзінде-ақ А.Пушкиннен, М.Лермонтовтан, Т.Шевченкодан, Дж.Байроннан, В.Маяковскийден шебер аудармалар жасады. Бұл оның үлкен поэзияның сырына терең бойлап, ақындық өнерінің қыр-сырын тануына көмектесті. 1939-1940 жылдар ақынның өсу жолындағы елеулі кезең болды. «Нар тәуекел», «Бурабай толқындары», «Дауыл», «Көкшетау», «Орамал», «Сұлтанмахмұт туралы баллада», «Өз елім», «Ғашық едім қайтейін» сияқты тамаша туындылары осы жылдары дүниеге келді. Сондай-ақ, Қасым лирикалық өлеңдермен қатар сүйекті туындылар жазуды да қолға алады, «Құпия қыз», «Бикеш» секілді алғашқы поэмаларын жазады.

Қасым Аманжолов тек лирик емес, сонымен қатар ірі эпик ақын. «Дүние қандай жап-жарық», «Сақыпжамал», «Күйім тасып барады, күйім тасып», «Жаным сәулем, еркешім, қызыл гүлім» атты өлеңдері Қасымның нәзік

лирикасын танытса, «Ақын өлімі туралы аңыз», «Боран», «Біздің дастан», «Жамбыл тойында» атты поэмалары оның эпиктігінің дәлелі.

«Қасым поэзиясынан халық жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын мол табамыз. Бұл поэзияның тәрбиелік күші де көбінесе осы жағында. Қасымның мейлінше жағымды, лепті, күйлі, сыршыл поэзиясы – әр ұрпақтың да көңіл серігі бола алатын, ұзақ жасайтын поэзия. Қасым халықтың жанына үніліп, оның шаттығына бірге шаттанады, мұңына бірге мұңаяды... Қасым поэзиясы домбыраның сағағынан күмбірлеп сорғалаған қоңыр күйге ұқсайды. Бұл күйден көңілінің санасы барлар әрқашанда мол ләззат, нәр алып, кең тыныс табады. Қаншама тыңдасаң да жалықтырмайтын өміршіл күй бұл! Сезіміңді тереңдетіп, мейіріміңді молайтып, қиялыңа қанат қақтыратын, жаныңды шабыттандыратын Қасым поэзиясы жаңарған өмірге әржақты жараса бермек. Сондықтан да өлімнің құшағына симайтын ақындардың бірі өзіміздің Қасым деп білеміз», - дейді Қасым ақын туралы Тәкен Әлімқұлов.

Ақынның соғыс басталғаннан аяқталғанша қан майданда жүргенін барлығымыз білеміз. Басында Қиыр Шығыста тыныштық күзеткен қаламгер кейіннен батыстағы нағыз қан кешкен қырғынға аттандырылады. Қайсар Қасым жауынгерлік міндетін жан аямай атқарады, абыройлы болады. Қиыр Шығыс пен батыстағы майдан аралығындағы ұзақ сапар, атамекен – Қазақстанның қажарып өтетін жол әсершіл, ұшқыр қиялды ақын жанын қатты тебірентеді. Соның нәтижесінде «Орал»,

«Сарыарқа», «Байкал», «Өтіп бара жатырмын» тәрізді тек Қасымның ғана емес, сол кездегі бүкіл қазақ поэзиясының жетістігі болып саналатын өлеңдері дүниеге келеді. Ақын рухының бұл қуатты серпілісі майдан жырларына ұласып, мазмұн, тақырып, түр, көркемдік бейнелеу құралдары, ой мен сезім тереңдігі жағынан жаңа сапа тауып, биік белеске көтеріледі. «Елге хат» (бес бөлімнен тұратын ұзақ толғау), «Ұлы күтіс», «Үстімде сұр шинелім», «Подполковник Әлпинге», «Қапанға», «Сәбитке», «Ғалиға жауап», «Қызғалдақ», «Сен фашистің, мен қазақпын», «Дариға, сол қыз» сияқты хрестоматиялық өлеңдері мен әйгілі «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы – соның айғағы. Осы поэманы Ғ. Мүсірепов қазақ поэзиясындағы жаңа бетбұрыс деп бағалады.

Майданнан оралғаннан кейінгі алғашқы жылдары Қасым журнал редакцияларында істейді, ара-тұра поэзия, ақындық өнер тақырыбына сын мақалалар жариялайды, өлеңді де өндіре жазады. «Достар», «Туған жер», «Құрбыма», «Сауыншы жеңгейдің жыры», «Домбыра», «Май келді», «Күйім тасып барады, күйім тасып», т.б. көркемдігі жоғары өлеңдерін ерекше атауға болады. Ақын 1947 жылдан бастап сырқатқа шалдығады. Соның өзінде сол жылы он шақты өлең жазып, «Біздің дастан» поэмасын бастайды. М. Лермонтовтың «Маскарад» драмасын, А.Твардовскийдің әйгілі «Василий Теркин» атты ұзақ та күрделі поэмасын өте шебер аударды. 1948 жылы «Дауыл» атты жинағы жарық көреді. Осы жылдары Пушкиннің «Полтава» поэмасын аударды. «Балбөбек», «Нұрлы дүние» жинақтарын шығарады. 1952 жылы «Таңдамалы шығармалары» жарық көреді. 1954 жылы

бүгінде жұрттың көбі жатқа білетін әйгілі «Өзім туралы» толғауын аяқтайды.

Қасымның өлеңдері «Гроза» деген атпен 1946 жылы, «Стихи» деген атпен 1949 жылы орыс тілінде жеке кітап болып басылады. Қасым Аманжолов ұзаққа созылған науқастан 1955 жылғы қаңтардың 17-сінде қайтыс болды. Қасымның ауыр толғақ, жан күйзелістері үстінде 1938 жылдың өзінде-ақ, жазған белгілі өлеңі – «Сұлтанмахмұт туралы балладасы». Ақын онда сол кезде екінің бірі батылдық жасай алмайтын шындықты айта алды. Сұлтанмахмұтты жақтайтын жас ақын мен оны жау санайтын әдебиетші ақын қабірінің басында пікір таластырады.

Бірі айтты:

– Сұлтанмахмұт тірі, – деді,

Мәңгіге өлмес жанның бірі, – деді.

Қазақтың кең даласын аралап жүр,

Өзіндей өжет оның жыры, – деді.

Бірі айтты: – Қателеспе, өлген, – деді,

Жырын да, өзін де оның көмген, – деді.

Болған соң өзі дұшпан, өзі арам,

Тарихқа жазып солай бергем, – деді.

Сол арада Сұлтанмахмұт қабірінен шыға келіп: «Өлгем жоқ!» – деп дауыстайды. Жас ақынды қолтықтап алып, Жазушылар одағынан мүшелік билетін алуға кетіп бара жатып:

Сен, жігіт, өсек айтып жүргенше құр,

Моламды мен қайтқанша күзете тұр, -

деп, масқаралап кетеді. Ол жылдарда мұндай өлең жазу нағыз жүрек жұтқан ерлік болатын. Ал Қасым бір бұл емес, мұндай бірнеше өлең жазған. Оның «Біз кім?», «Ақынның мінезі», «Күлемін де жылаймын» секілді өлеңдері сондай дүниелер.

Жылама сен, күл, – дейді,

Күлсем және сенбейді.

Қара тер боп тергейді:

Неге күлдің сен?

– дейді.

Сөзімізді Серік Қирабаевтың: "Поэзиядағы ой-пікірдің байлығы мен сезімнің шыншылдығы, өлең сөздің тапқырлығы қатар келетін Қ.Аманжолвтың өлеңдері талай ұрпақпен сырласып, оның жанын тебіренге алары сөзсіз" деген ойларымен бітіруді жөн көрдік.

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ:

Қасым Аманжолов қазақ поэзиясында Ұлы Отан соғысы тақырыбын тамаша жырлап шыққан ақын. Оның мәңгі өлмейтін «Абдолла», «Дариға, сол қыз» екеуі-ақ совет халқының ерлігіне соғылған поэзиямыздың қайталанбас ескерткіштері.

Серік ҚИРАБАЕВ:

Поэзиядағы ой-пікірдің байлығы мен сезімнің шыншылдығы, өлең сөздің тапқырлығы қатар келетін Қ.Аманжолвтың өлеңдері талай ұрпақпен сырласып, оның жанын тебіренге алары сөзсіз.

Тәкен ӘЛІМҚҰЛ:

Қасым поэзиясынан халық жанының батырлығын, жомарттығын, бауырмалдығын, мархабаттылығын, алғырлығын мол табамыз. Бұл поэзияның тәрбиелік күші де көбінесе осы жағында. Қасымның мейлінше жағымды, лепті, күйлі, сыршыл поэзиясы – әр ұрпақтың да көңіл серігі бола алатын, ұзақ жасайтын поэзия. Қасым халықтың жанына үңіліп, оның шаттығына бірге шаттанады, мұңына бірге мұңаяды... Қасым поэзиясы домбыраның сағағынан күмбірлеп сорғалаған қоңыр күйге

ұқсайды. Бұл күйден көңілінің санасы барлар әрқашанда мол ләззат, нәр алып, кең тыныс табады. Қаншама тыңдасаң да жалықтырмайтын өміршіл күй бұл! Сезіміңді тереңдетіп, мейіріміңді молайтып, қиялыңа қанат қақтыратын, жаныңды шабыттандыратын Қасым поэзиясы жаңарған өмірге әржақты жараса бермек. Сондықтан да өлімнің құшағына симайтын ақындардың бірі өзіміздің Қасым деп білеміз.

Жұбан МОЛДАҒАЛИҰЛЫ:

«Өлеңнен туған елі құя салған» Қасым Аманжолов әдемі, есті өлеңдерімен бірге «Ақын туралы аңыз» атты асыл поэма берді.

Сырбай МӘУЛЕНОВ:

Ақын жасы жылдармен өлшенбейді, елге берген еңбегімен есептеледі. Жас Қасым бүгінде ортаға шығып, өзінің оптимистік пасофқа толы өлмес өлеңін оқып тұр:

Өлуші ма еді ер шіркін!
Сілкінді ол бір дүркін.
Келе жатыр аралап,
Өзі туған ел-жұртын.

Иә, Қасым ел-жұртын аралап келе жатыр... Оның өлеңдері жылдар қанатымен бірге самғап, келешек күндердің кеңістігіне көтеріледі.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1949

1. Аманжолов Қасым Рахимжанович. Стихи: сборник / К. Р. Аманжолов. - АлмаАта: Казгосиздат, 1949. - 71 с.

1951

2. Шаяхметов Ж. Республикалық партия ұйымдарында идеологиялық жұмыстың жайы мен және оны жақсарту шаралары туралы / Әдебиет және искусство. — 1951. — 1–14-б.

1956

3. Аманжолов, Қ. Шығармаларының толық жинағы: 1941-1948 / Қасым Аманжолов. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1956. Т. 2. - 549 бет.

1958

4. Аманжолов Қасым Рахимжанович. Стихи и поэмы: сборник / К.Р. Аманжолов. - Алма-Ата: Казгослитиздат, 1958. - 212 с.

1960

5. Аманжолов Касым Рахимжанович. Письмо Родине: избранное: стихи и поэмы "Абдулла" / К.Р. Аманжолов. - М.: Гослитиздат, 1960. - 151 с.

1961

6. Аманжолов, Қ. Таңдамалы шығармалар: Өлеңдер мен поэмалар / Қасым Аманжолов. - Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1961.- 539 бет.

1965

7. Аманжолов Қ. Қасым. Біздің дастан: таңдамалы өлеңдері мен поэмаларының бір томдығы / Аманжолов, Қасым. - Алматы: Жазушы, 1965. - 332 бет.

1967

8. Дүйсенов М. Ақын мұраты. — Алматы, 1967. — 95-б.

1970

9. Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. — Алматы, 1970. — 187-б.

10. Елін сақтап қалды ерлер: қазақ ақындарының Ұлы Отан соғысы туралы жырлары. - Алматы: Жазушы, 1970. - 232 бет.

1971

11. Аманжолов Қасым Рахимжанович. Избранное: стихи и поэмы "Наша легенда", "Абдулла" / К.Р. Аманжолов. - Алма-Ата: Жазушы, 1971. - 119 с.

12. История казахской литературы. В 3-х т.: т.3. Казахская советская литература. - Алма-Ата: Наука, 1971. - 798 б.

13. Тәжібаев Ә.

Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы: монография / Ә. Тәжібаев. - Алматы: Жазушы, 1971. - 416 б. - (в пер.)

1975

14. Аманжолов Қасым Рахимжанович. Стихи: сборник / К.Р. Аманжолов. - М.: Худож. лит., 1975. - 222 с.

1976

15. Әбдірахманова Т.

Қасым Аманжоловтың поэтикасы: сборник / Т. Әбдірахманова. - Алматы: Ғылым, 1976. - 298 б. - (в пер.)

1977

16. Аманжолов Қасым. Шығармалар: төрт томдық / Қ. Аманжолов. - Алматы: Жазушы, 1977. Т. 1.: Өлеңдер / құраст. және алғы сөзін жазған Ғ. Қайырбеков. - 527 б.

1980

17. Аманжолов Қасым. Шығармалар [Төрт томдық] / Қ. Аманжолов. - Алматы: Жазушы, 1980. Т. 3.: Аудармалар / құраст. Ғ. Қайырбеков. - 264 б.

1981

18. Тәжібаев Ә. Шығармалар жинағы. — 4-т. — Алматы, 1981. — 241-б.

1984

19. Аманжолов Қасым Рахимжанович. Светлый путь: стихи и поэмы / К.Р. Аманжолов. - Алма-Ата: Жазушы, 1984. - 208 с.

1985

20. Аманжолов Қ. Қасым. Өлеңдер / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы: Мектеп, 1985. - 159,[1] б.

1987

21. Аманжолов Қасым // Советтік Қазақстан жазушылары: библиографиялық анықтамалық / ред. Т. Рахимов. — Алматы: Жазушы, 1987. — 24-25 б.

1988

22. Шекара жырлары: өлеңдер,балладалар,поэмалар / Құраст. Ө.Ақыпбеков. - Алматы: Жазушы, 1988. - 224 бет.

1989

23. Әдебиет пен өнер мәселелері бойынша 30–40-жылдар кезеңі мен 50-жылдар басында қабылданған қаулыларды зерттеу жөніндегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті комиссиясының қорытындысы / Социалистік Қазақстан. — 1989. — 9 желт.

1990

24. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы. — Алматы: Қаз.сов.энцикл., 1990. — 101 б.

1991

25. Аманжолов Қ. Қасым. Нұрлы дүние: таңдамалы өлеңдер мен поэмалар / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы: Жазушы, 1991. - 391,[1] б.

26. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. — Алматы, 1991. — 220-б.

27. Добренко Е. Борьба с вечностью / Литературная газета. — 1991. — 26 июня.

1995

28. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. — Алматы, 1995. — 282-б.

1998

29. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 т. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. — 335-336 б.

30. Қасым Аманжолов // 40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті: 2-кітап. — Алматы: Ғылым, 1998. — 236-246 б.

2000

31. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. — Алматы, 2000. — 336 б.

2003

32. Аманжолов, Қ.
Дариға, сол қыз: өлең-жырлар / Қ. Аманжолов. - Алматы: Атамұра, 2003. - 212 бет.

2004

33. Аманжолов Қ. Қасым. Дауыл: өлеңдер мен поэма / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы: Жазушы, 2004. - 127,[1] б.

34. Аманжолов Қасым // Қазақстан жазушылары XX ғасыр: анықтамалық. — Алматы: Ана тілі, 2004. — 25-26 б.

2005

35. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы //Қазақ әдебиеті: энциклопедиялық анықтамалық / ред. И.Н. Тасмағамбетов. — Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. — 42-43 б.

2006

36. Аманжолов Қ. Қасым. Дариға, сол қыз : өлеңдер мен поэмалар / Қ. Қасым. Аманжолов. - Алматы : Раритет, 2006. - 254, [2] б.

37. Аманжолов Қасым Рақымжанұлы // Қарағанды. Қарағанды облысы. — Алматы: Атамұра, 2006. — 120 б.

2009

38. Аманжолов Қасым // Қазақстан жазушылары: анықтамалық: 75 жыл / құраст. С. Қамшыгер. — Алматы: Ан Арыс, 2009. — 27 б.

39. Айтқұлова Ж. Қасым Аманжоловтың өмірі мен шығармашылығы // Мектеп. — 2009.- № 3.-16 -17

2010

40. Қасым Аманжолов туралы мақалалар топтамасы // Жалын. – 2010. - № 3. - 26 - 47 бет.

2011

41. Аманжолов Қасым. Өзім туралы: өлеңдер мен поэмалар / Қасым Аманжолов. - Алматы: Ана тілі, 2011. - 359,[1] б.

42. Аманжолов Қасым Рихимжанович. Светлый путь: стихотворения и поэмы / К.Р. Аманжолов. - Астана: Аударма, 2011. - 477, [3] с.

43. Бектұров Ж. Баяғы Қасым, бір Қасым... / Ана тілі. — 2011. — 8–14 қырк.

44. Жакып, Ж.

От жүректі ақын: Қасым Аманжолов-100 / Ж. Жакып // Егемен Қазақстан. - 2011. - №147. - 13 сәуір. 5 бет.

45. Кажыбай, Т.

Асау арын. дархан дарын / Т. Кажыбай // Егемен Қазақстан. - 2011. - №202-205. - 18 мамыр. 5 бет.

46. Тілешов Е.

Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп ... / Е. Тілешов // Егемен Қазақстан. - 2011. - №400. - 30тамыз. 8 бет.

47. Жуманова, З.

"Анам маған әкем жайлы айтушы еді...": ақын Қасым Аманжоловтың туғанына - 100 жыл / З. Жуманова // Алтын орда. - 2011. - №36. - 8 қыркүйек. 10 бет.

48. Кекілбайұлы, Ә.

Дүлдүлдің дүбірі. / Ә. Кекілбайұлы // Егемен Қазақстан. - 2011. - 07 қыркүйек. 4-5 б.

2013

49. Айтқанқызы Ш.

Қасым Аманжолов - дарынды тұлға, ұлы ақын // Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. – 2013.- №10.- 73-81 бет.

50. Мұқан А.

Дауылпаз ақын драматургиясы. / А. Мұқан. // Жұлдыз журналы. - 2013. - Ст. 12. - С. 130-134.

2014

51. Мухтаров А.

Өр тұлғалы ақын / А. Мухтаров // Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. 25 сәуір 2014 жыл. - Сборник материалов международной научно-теоретической конференции "Полиязычие и диалог культур". 25 апреля 2014 года. - 2014. - 268-272.

2016

52. Қасым Аманжолов (1911 -1955) // Аңыз адам. Жұлдыздар отбасы. – 2016.- №22. - қараша .

2017

53. Қасым Аманжоловтың махаббаты // Ұлан. – 2017.-7 қараша (№45).- 10 бет.

2021

54. Асқар Н.
Абай, Қасым, Шыңғыстау... [Текст] / Н. Асқар // Абай. - 2021. - №: 4. - бет. 3-16.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	4
<i>Қ.Аманжолов өмірі мен шығармашылығы</i>	5
<i>Қ.Аманжолов туралы ой-пікірлер</i>	12
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	14